2020 жылғы 1-тоқсандағы Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуын ағымдағы бағалау туралы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының ақпараты

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

Мазмұны

I. Кіріспе 3
II. 2020 жылғы 1-тоқсандағы Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуын талдау 4
III. 2020 жылғы 1-тоқсандағы мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері 10
IV. Тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат 21
V. Қорытынды 22

Қосымшалар (кестелер)

I. Кіріспе

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы *(бұдан әрі – Тексеру комиссиясы)* 2020 жылғы 1-тоқсандағы елорда бюджетінің атқарылуын ағымдағы бағалауды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 29 қарашадағы №20-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына (900.) сәйкес жүзеге асырды.

Ағымдағы бағалауды дайындауға әлеуметтік-экономикалық даму паспорты, жергілікті уәкілетті органдар ұсынатын ай сайынғы есептер, мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының нәтижелері дереккөз болды.

Осылайша, ағымдағы бағалау елорданың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін, Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуын талдауды, Тексеру комиссиясы жүргізген мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелерін және Тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпаратты қамтиды.

II. 2020 жылғы 1-тоқсандағы Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуын талдау

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

Жалпы есепті кезеңде елордада макроэкономикалық жағдай тұрақты болды және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің көпшілігінің оң өсуімен сипатталды *(1-қосымшаны қараңыз).*

Алайда, Нұр-Сұлтан қаласында төтенше жағдайдың енгізілгенін ескере отырып, жекелеген әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің төмендегені да байқалды.

Осылайша, бөлшек тауар айналымының көлемі азайып, 241 836,7 млн.теңгені немесе 2019 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 92,6%-ды құрады.

№ 1 КЕСТЕ. Бөлшек тауар айналымы

млн. теңге

Атауы	2020 жылғы қаңтар-наурыз		
	нақты бағамен	салыстырмалы бағамен	Салыстырмалы бағалардағы НКИ
Бөлшек тауар айналымының жалпы көлемі	241 836,7	225 804,6	92,6
сауда кәсіпорындарының, заттық, аралас, азық-түлік базарларындағы тауар айналымы	196 135,4	183 133,0	99,1
жеке кәсіпкерлердің тауар айналымы	45 701,3	42 671,6	72,4

Дереккөз: Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық даму паспорты

Сыртқы сауда айналымы 2020 жылғы қаңтар-ақпан айларында 2019 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 0,5%-ға төмендеп, 1 226,4 млн. АҚШ долларын құрады, соның ішінде тауарлар экспорты – 944,8 млн. АҚШ долларын құрап, 10,1%-ға төмендеді, ал импорт – 281,6 млн. АҚШ долларын құрап, 55,2%-ға ұлғайды.

Салық жүйесінде мемлекеттік бюджетке өз түсімдерінің азаюы байқалады. Осылайша, мемлекеттік бюджетке 278 943,0 млн. теңге салық және міндетті төлемдер немесе төлемдер бойынша жоспардың 79,1%-ы, соның ішінде республикалық бюджетке – 196 141,4 млн. теңге *(төлемдер бойынша жоспардың 72,3%-ы)*, жергілікті бюджетке – 82 801,6 млн. теңге *(төлемдер бойынша жоспардың 112,1%-ы)* түсті.

№ 2 КЕСТЕ. Салық жүйесі

млн. теңге

Атауы	2020 жылғы 1 сәуірдегі болжам	2020 жылғы 1 сәуірде орындалды	жоспарды орындау, %

Атауы	2020 жылғы 1 сәуірдегі болжам	2020 жылғы 1 сәуірде орындалды	жоспарды орындау, %
Мемлекеттік бюджетке түсетін салық төлемдерінің барлығы, соның ішінде:	**352 474,1**	**278 943,0**	**79,1**
Корпоративтік табыс салығы	115 147,0	69 834,9	60,6
Қосылған құнға салынатын салық	134 098,2	104 834,0	78,2
Кедендік төлемдер	23 121,7	19 381,8	83,8
Төлем көзінен салық салынатын табыстардан алынатын жеке табыс салығы	18 051,1	23 784,4	131,8
Әлеуметтік салық	15 727,8	22 417,4	142,5
Меншікке салынатын салықтар	7320,4	7086,8	96,8

Дереккөз: Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экономикалық даму паспорты

Жұмыссыздық деңгейі – 4,4%-ды құрады (2019 жылы). Нұр-Сұлтан қаласының Статистика департаментінің алдын ала мәліметтері бойынша 2019 жылы жұмыссыздар саны 25,7 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшінің 4,4%-ын құрады, бұл ретте жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыздар саны 2,9 мың адам, бұл 2018 жылға қарағанда 0,2 мың адамға көп.

2.1. 2020 жылғы 1-тоқсандағы бюджет түсімдерінің атқарылуын талдау

2020 жылғы I тоқсанда Нұр-Сұлтан қаласы бюджетіне **түсімдер көлемі** 113 449,3 млн.теңгені немесе 105 299,1 млн.теңге сомасында жоспардың 107,7%-ын құрады.

Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2020 жылғы 1 тоқсанда бюджеттің кіріс бөлігіне нақты түсімдер 32,7%-ға немесе 37 066,9 млн.теңгеге артты, негізінен трансферттер түсімінің көп көлемі есебінен – есепті кезеңде 31 452,7 млн.теңге көлемінде немесе өткен жылмен салыстырғанда 10 054,0 млн. теңгеге артық трансферттер бөлінді.

Жергілікті бюджетке меншік түсімдердің көлемі 82 801,6 млн.теңге сомасында немесе түсімдердің жалпы көлеміне 73,0%-ды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 33,6%-ға жоғары *(54 985,8 млн.теңге).*

Түсімдердің жалпы сомасы келесі 5 санат бойынша кірістерден қалыптасты:

1) салық түсімдері – 78 813,5 млн.теңге, бұл бюджет кірістерінің құрылымында 69,5%-ды құрайды (*2019 жылғы 1-тоқсанда - 51 791,1 млн.теңге немесе 67,8%*);

2) салықтық емес түсімдер – 1 841,7 млн.теңге немесе кірістер құрылымында 1,6% *(2019 жылғы ұқсас кезеңде - 1 462,3 млн.теңге немесе 1,9%)*;

3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 146,4 млн. теңге немесе кірістер құрылымында 1,9% *(2019 жылғы ұқсас кезеңде - 1 732,4 млн.теңге немесе 2,3%)*;

4) трансферттер түсімі – 20 647,7 млн. теңге немесе кірістердің жалпы құрылымында 18,2% *(2019 жылғы ұқсас кезеңде 15 657,7 млн. теңге немесе 20,5%)*;

5) қарыздардың түсімдері – 10 000,0 млн. теңге немесе кірістердің жалпы құрылымында 8,8% *(2019 жылғы ұқсас кезеңде 5 740,9 млн.теңге немесе 7,5%)*.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметі бойынша бересінің айтарлықтай өсуі байқалуда. Осылайша, ағымдағы жылдың басындағы бересі 3 878,1 млн.теңгені құрады, ал 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сома 8 453,8 млн. теңгені құрады немесе 4 575,7 млн.теңгеге артық *(өткен жылдың ұқсас мерзімінде бересі 3 799,6 млн. теңгені және 4 498,3 млн. теңгені құрады немесе өсу 698,7 млн. теңгеге артық)*.

«Салық түсімдері» санаты бойынша атқару:

«Салық түсімдері» санаты бойынша жоспарда 73 180,2 млн. теңге болғанда іс жүзінде бюджетке 78 813,5 млн. теңге немесе 107,7% түскен.

Талданып отырған кезеңде 5 633,2 млн. теңге сомасына келесі салық түсімдері бойынша асыра орындау байқалады:

– төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 5 733,3 млн. теңге сомасына *(жоспар – 18 051,1 млн. теңге, нақты түскені - 23 784,4 млн. теңге немесе 131,8%)*;

– төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 2 568,4 млн. теңгеге *(жоспар – 3 795,2 млн. теңге, нақты түскені - 6 363,6 млн. теңге немесе 167,7%)*;

- әлеуметтік салық бойынша 6 689,6 млн.теңгеге *(жоспар – 15 727,8 млн.теңге, іс жүзінде түскені – 22 417,4 млн. теңге немесе 142,5%)*;

– жер салығы бойынша 37,2 млн. теңге сомасына *(жоспар – 409,3 млн. теңге, нақты түскені - 446,5 млн. теңге немесе 109,1%)*;

– тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге ішкі салықтар бойынша 137,5 млн. теңге сомасына *(жоспар – 1 481,5 млн. теңге, түскені - 1 619,0 млн. теңге немесе 109,3%)*;

– заңдық мәні бар іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) соған уәкілетті мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлемдер бойынша 214,8 млн. теңге сомаға *(жоспар - 1 110,8 млн. теңге, түскені - 1 325,6 млн. теңге немесе 119,3%)*.

Сонымен қатар, келесі салықтық түсімдер бойынша орындалмау байқалады *(2-қосымшаны қараңыз)*:

- корпоративтік табыс салығы бойынша 9 525,6 млн. теңге сомасына *(жоспар – 25 682,3 млн. теңге, түскені – 16 156,7 млн. теңге немесе 62,9%)*;

– меншік салығы бойынша 143,5 млн. теңге сомасына *(жоспар – 7 230,4 млн.теңге, түскені - 7 086,8 млн. теңге немесе 98,0%)*;

– басқа салықтар бойынша 57,3 млн. теңге сомасына *(жоспар бойынша - 0, түскені - 57,3 млн. теңге)*.

«Салықтық емес түсімдер» санаты бойынша атқару:

Салықтық емес түсімдер бойынша жоспар 146,2 млн.теңге, ағымдағы жылдың 1-тоқсанында нақты түскені 1 841,7 млн.теңге немесе 1 260,0%.

Салықтық емес түсімдерді 1 695,6 млн.теңгеге асыра орындау түсімдердің барлық түрлері есебінен қалыптасты.

Негізінен асыра орындау «мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» түсімдері бойынша қалыптасты *(жоспар бойынша – 0 теңге, түскені – 1 385,3 млн.теңге)*.

«Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер» санаты бойынша атқару:

Негізгі капиталды сатудан түсімдер жоспар бойынша 520,0 млн.теңге, түскені 2 146,4 млн. теңге немесе 1 626,4 млн.теңгеге асыра орындалған, соның ішінде мыналар бойынша:

- *мемлекеттік мекемелерге тіркелген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер* жоспар бойынша - 90,0 млн.теңге, түскені - 1 563,9 млн.теңге немесе 1 473,9 млн. теңгеге асыра орындалған *(азаматтарға жоспарланбаған пәтер сатудан түскен түсімдер есебінен)*;

- *жерді және материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер* жоспар бойынша 430,0 млн.теңге, түскені – 582,5 млн.теңге немесе 152,5 млн. теңгеге асыра орындалған.

«Трансферттер түсімі» санаты бойынша орындау:

Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер жоспар бойынша 21 452,7 млн. теңге 20 647,7 млн.теңге немесе жоспарға 96,2% түсті. Осылайша:

- *ағымдағы нысаналы трансферттер* 8 736,8 млн. теңге сомасында немесе 100,0% түсті;

- *нысаналы даму трансферттері* – 12 715,9 млн.теңге немесе 93,7%, 804,9 млн. теңге сомасында түскен жоқ.

«Қарыздар түсімі» санаты бойынша орындау:

Қарыздардың түсімі 10 000,0 млн. теңгені құрады, бұл жоспардың 100% -ына сәйкес келеді.

Бюджет тапшылығы (профициті)

2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша кірістер бойынша 103 449,3 млн.теңге, шығындар бойынша – 80 515,2 млн. теңге, сондай-ақ таза

бюджеттік кредиттеу – 500,0 млн. теңге және қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 2 871,0 млн. теңге сомасында атқарудың нәтижесінде 19 563,1 млн. теңге мөлшерінде бюджет профициті қалыптасты.

Есепті күні бюджет қаражатының қалдықтары 23 426,3 млн.теңге сомасында қалыптасты және жыл басымен салыстырғанда *(4 964,2 млн. теңге)* 4,7 есеге артты.

2.2. 2020 жылғы 1-тоқсандағы бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуын талдау.

Бюджеттің шығыс бөлігі бойынша бекітілген және нақтыланған параметрлері арасындағы алшақтықты талдау 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша бюджетті атқару барысында жоспарланатын шығыстардың жалпы сомасы жыл басынан бері 485 309,1 млн.теңгеден 483 921,5 млн. теңгеге дейін азайғанын көрсетеді *(2-қосымшаны қараңыз)*.

Жүргізілген 1 нақтылау және 6 түзету шеңберінде бюджеттің шығыс бөлігінің азаюы 1 387,6 млн.теңгеге жүргізілді.

2020 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша жоспар бойынша 109 879,0 млн.теңге, нақты игерілгені 94 987,2 млн. теңге немесе **86,4%**, игерілмегені 14 891,8 млн.теңге, соның ішінде:

- жергілікті бюджет қаражатының игерілуі 87,1% құрады, игерілмегені 9 772,5 млн. теңге;
- нысаналы трансферттер мен кредиттерді игеру 78,4% құрады, игерілмегені 5 119,3 млн. теңге.

Өткен жылдың ұқсас кезеңінде Нұр-Сұлтан қаласының бюджетін игеру 98,0% құрады *(1 603,1 млн. теңге игерілмеген)*.

Функционалдық топтар бөлінісінде ең төмен игеру «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобы бойынша қалыптасты, есепті кезеңде жоспарды игеру 39,9%-ды құрады, жылдық шығыстар жоспары бойынша 1-тоқсан ішінде кассалық атқару 0,8%-ды құрады *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде сәйкесінше 89,7% және 13,0%)*.

Айта кету керек, 2020 жылдың 1-тоқсанында жоспар бойынша қаланың жылдық бюджетінен шығыстардың 22,7%-ы ғана жоспарланған, орындалуы 19,6%-ды, 2019 жылдың ұқсас кезеңінде сәйкесінше 18,7% және 18,4%-ды құрады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджеттің атқарылуы

Есепті кезеңде игеруді 32 бюджеттік бағдарлама әкімшісі жүзеге асырды.

Осылайша, жиынтық көріністе мына әкімшілер ең көп игерілмеуге жол берді (3-қосымшаны қараңыз):

- *Нұр-Сұлтан қаласының Құрылыс басқармасы бойынша* жоспарланған 11 063,2 млн.теңге сомадан кассалық атқару 6 863,2 млн.теңгені немесе 62,0%-ды құрады**, 4 200,0 млн.теңге** игерілмеген, соның ішінде:

РБ-дан нысаналы трансферттер - 693,0 млн.теңге көлемінде;

жергілікті бюджет қаражаты - 3 507,0 млн.теңге;

- *Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы бойынша* жоспарланған 25 907,6 млн.теңге сомадан кассалық атқару 22 901,8 млн.теңгені немесе 88,4%-ды құрады, игерілмегені **3 005,8 млн.теңге**, соның ішінде:

РБ-дан нысаналы трансферттер - 2 394,8 млн. теңге көлемінде;

жергілікті бюджет қаражаты - 611,0 млн. теңге;

- *Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы бойынша* жоспарланған 7 875,8 млн.теңге сомадан кассалық атқару 6 694,3 млн. теңгені немесе 85,0%-ды құрады, игерілмегені **1 181,5 млн.теңге**, соның ішінде:

РБ-дан нысаналы трансферттер - 536,0 млн.теңге көлемінде;

жергілікті бюджет қаражаты - 645,5 млн.теңге;

- *Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы бойынша* жоспарланған 2 158,2 млн.теңге сомадан кассалық атқару 1 079,8 млн. теңгені немесе 50,0%-ды құрады, игерілмегені **1 078,4 млн. теңге.**

Орындалмаудың негізгі себептері:

– конкурс рәсімдерінің ұзақ өткізілуі *(6 828,1 млн.теңге)*;

– құжаттарды дұрыс ресімдемеу, ерекшелікті дұрыс қолданбау, ақша алушылардың деректемелерінің сәйкес келмеуі және т.б. себебінен қайтару *(5 356,2 млн.теңге)*;

– бюджет қаражатын сапасыз жоспарлау *(839,2 млн. теңге)*;

– Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу, нақты еңбекақы төлеу және басқа да үнемдеу *(487,5 млн. теңге)*;

– конкурс рәсімдерін уақтылы өткізбеу *(өткізбеу) (191,2 млн. теңге)*;

– төлем нақты көрсетілген қызмет көлемі үшін төленді *(72,6 млн. теңге)*;

– мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар *(35,3 млн.теңге)*;

– жергілікті атқарушы органның бөлінбеген қалдығы *(30,4 млн. теңге)*;

– тауарларды, жұмыстарды/қызметтерді жеткізушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелері *(1,9 млн. теңге)*;

– еңсерілмес күш жағдайлары *(осы жағдайлардағы төтенше және күтпеген жағдайлар: дүлей апаттар, әскери әрекеттер) (53,8 млн. теңге)*;

– басқа да себептер *(944,0 млн. теңге)*.

Бюджеттің орындалуы бойынша ең <u>төмен көрсеткіштерге</u> пайыздық мәнде Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы *(33,7%)*, Жастар саясаты мәселелері басқармасы *(45,4%)* және Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы *(50,0%)* жол берген.

Жалпы, даму бюджеті бойынша жоспарланғаны 21 894,6 млн.теңге, орындау 17 129,0 млн. теңгені немесе 78,2%-ды құрады *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 15 895,2 млн. теңге немесе 98,8%-ды құрады)*.

Ағымдағы бюджет бойынша жоспарланғаны 87 984,5 млн.теңге, орындау 77 858,2 млн. теңгені немесе 88,5%-ды құрады *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде орындау 62 336,6 млн. теңге немесе 97,8%-ды құрады)*.

III. 2020 жылғы 1-тоқсандағы мемлекеттік аудит және сараптамалық-талдау іс-шараларының негізгі нәтижелері

3.1. 2020 жылғы 1-тоқсандағы аудиторлық қызметтің түйінді көрсеткіштерін жалпы талдау

2019 жылғы 1-тоқсанда жүргізілген аудиторлық іс-шаралар саны – 3, аудит объектілерінің саны – 21 *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 18 объектіде 4 аудиторлық іс-шара)*.

Мемлекеттік аудит қамтыған қаражат көлемі – 86 692 588,8 мың теңге *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 78 448 627,3 мың теңге)*.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ анықталған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің актілерін бұзушылықтардың барлығы 12 099 210,4 мың теңгені құрайды *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 3 534 372,2 мың теңге)*, соның ішінде:

- қаржылық бұзушылықтар - 6 223 041,8 мың теңге;
- тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты, мемлекет активтері - 4 335 227,7 мың теңге;
- тиімсіз жоспарлау - 1 540 940,9 мың теңге.

Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар 564 бірлік және 212 жүйелік бұзушылық фактілерін құрады *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 370 рәсімдік және 112 жүйелік бұзушылық).*

Қалпына келтірілуі тиіс сома – 6 122 493,4 мың теңге *(2 233 826,0 мың теңге қалпына келтірілген)* және өтелуі тиіс – 100 548,6 мың теңге *(50 567,3 мың теңге өтелген).*

Аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша 11 ұсыным және 78 тапсырма жолданды, соның ішінде орындалу мерзімі басталған 13 тапсырма бақылаудан алынды.

Уәкілетті органдарға 17 материал берілді, соның ішінде 10-ы қаралды, 1 324,8 мың теңге сомаға айыппұл салынды. 6 материал қарастыру сатысында, 1 материал бойынша құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты іс тоқтатылды *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде 25 материал жолданды, 4-еуі бойынша 770,1 мың теңгеге салынған)*.

Сонымен қатар, Тексеру комиссиясы 4 әкімшілік істі қозғады. 835,1 мың теңге сомаға айыппұл салынды.

Құқық қорғау органдарына 2 мемлекеттік аудит материалы берілді.

Нәтижесінде 14 лауазымды адам әкімшілік жауапкершілікке, 14 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды *(2019 жылдың ұқсас кезеңінде сәйкесінше 4 және 24 лауазымды тұлға).*

3.2 2019 жылғы 1-тоқсандағы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін талдау

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппаратына бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу[i]

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңде аудитпен қамтылған бюджет қаражатының көлемі 5 251 978,8 мың теңгені құрады.

Аудит қорытындысы бойынша 41 339,3 мың теңге сомаға бюджетке өтелуі тиіс қаржылық бұзушылықтар анықталды, 19 рәсімдік бұзушылық, 1 523 504,6 мың теңге және 668 253,4,0 мың теңге сомаға бюджеттік қаражатты тиімсіз жоспарлау және пайдалану, сондай-ақ 48 жүйелік кемшіліктер анықталды.

Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша тұжырымдар:

Аудит бірқатар №195 бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларын бұзушылықтары анықтады, мәселен, 2017, 2018, 2019 жылдарға арналған 001 бюджеттік бағдарламасын әзірлеу кезінде оны жасау жөніндегі аталған Қағидалардың 15-тармағымен регламенттелген талаптар сақталмаған.

Әкім аппараты бюджетті жоспарлау кезінде жалпы сомасы 290 152,3 мың теңге бюджеттік өтінімдерде қамтылған есептердің ақпараттың толықтығы мен анықтығын қамтамасыз етпеген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұза отырып, Әкім аппараты жалпы сомасы 824 642,1 мың теңге бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде атаулылық және нысаналы сипаттағы қағидаттың сақталмауына жол берген.

Сондай-ақ, аудит объектісінің Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 4-бабының 9-тармағын сақтамауы 2019 жылғы қаңтардан бастап

шілдеге дейінгі кезеңде 40 229,9 мың теңге сома бюджет қаражатын негізсіз пайдалануға әкеп соққан Әкім аппараты үй-жайларының тиесілік нормативінің артуына байланысты 001 бағдарламасы бойынша 2019 жылға арналған бюджет қаражатын 266 754,5 мың теңге сомаға тиімсіз жоспарлауға әкеп соқтырды.

Әкім аппараты 2017 жылға арналған 065 бағдарламасы бойынша бюджет шығыстарын жоспарлау кезінде 446 002,0 мың теңге сомада бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға жол берген.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Бюджет кодексін бұза отырып, 2018 жылы Әкім аппаратына бюджеттік өтінімнен тыс 4 000 000,0 мың теңге бөлді, содан кейін 001 бюджеттік бағдарламасының 111 ерекшелігі бойынша жалпы сомасы 3 900 000,0 мың теңге бюджет қаражатын қайтарып алды. Бұл ретте, мемлекеттік аудит 001 бағдарламасы бойынша 5 062 107,0 мың теңге сомаға қаржыландыру «Астана қаласының 2018-2020 жылдарға арналған бюджеті туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №214/25-VI шешімімен бекітілген, ал еңбекақы төлеу жүйесінің пилоттық режимі – ФБШ №939 қаулымен бекітілген, яғни, бюджет қаражаты регламенттеуші нормативтік құқықтық актіні қабылдаудан 17 күн бұрын бөлінгенін атап өтеді.

Сонымен қатар, осы аудит көрсеткіштері шеңберінде Әкім аппаратының қызметіне жүргізілген талдау бірқатар жүйелі кемшіліктерді анықтады.

1. Әкім аппаратының ережесінде Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бұза отырып, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңда көзделген «әкім қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету» бөлігінде «Миссия» көрсетілмеген. Сондай-ақ, Әкім аппаратының ережесінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарда және олардың бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарда олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша мемлекеттік аудит жүргізу функциясы жоқ.

2. «Персоналды басқару және дамыту жөніндегі бірыңғай қызмет» бөлімшесіне жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың персоналды басқарудың тұтас жүйесін қалыптастыру, конкурстық, аттестаттау және тәртіптік комиссияларды ұйымдастыру жөніндегі функциялар негізсіз берілген.

3. Сонымен қатар, осы аудит Әкім аппараты өз қызметінде басшылыққа алатын негізгі құқықтық құжаттардың бірі болып табылатын Әкім аппараты регламентінің мазмұнына бұзылғанын анықтаған.

4. Бұл ретте, аудит Әкім аппаратының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу және бекіту кезінде Әкім аппаратының қызметкерлері жол берген бірқатар жүйелі

кемшіліктерді анықтады.

5. Әкім аппараты қызметін ұзақ мерзімді перспективаға арналған жұмыс жоспарын жасамай жүзеге асырады, бұл «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңның 9-бабы 2-тармағының талаптарын сақтамауға әкеп соқтырады. Бұл ретте, Әкім аппараты мен құрылымдық бөлімшелер жылдық жұмыс жоспарын және оларды орындау нәтижелері бойынша есептілікті дұрыс қалыптастырмайды.

6. Тиімділік аудитін жүргізу барысында Әкім аппаратының қызметіне тиімділігі мен нәтижелілігі тұрғысынан жүргізілген талдау және бағалау жүктелген міндеттерді іске асыруға бағытталған функцияларды орындау барысында жүйелік кемшіліктер бар екенін көрсетті.

7. ФБШ негізінде мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу кезінде Әкім аппаратында штат санын қысқарту өткізілмеген, 2018 және 2019 жылдары еңбекақы қорын ұлғайту үшін қосымша бюджет қаражаты бөлінді.

8. Аудит, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға сәйкес өнім берушілердің міндеттемелерді жасасу және орындау барысында Әкім аппараты қызметкерлерінің рәсімдік бұзушылықтарға жол бергенін атап өтеді.

9. Әкім аппараты Бюджет кодексін бұза отырып, Әкім аппаратының қызметкерлерімен «Жобаларды басқару» семинар-тренингін өткізу бойынша қызмет көрсету шарттарын жасау және орындау кезінде 2017 жылы 3 200,0 мың теңге және 2018 жылы 7 501,5 мың теңге сомаға бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға жол берген.

10. Әкім аппараты бухгалтерлік есепті жүргізу кезінде толық тозу, техникалық ескіру және жөнделуі тиіс емес техникалық қорытындылар болған кезде негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді уақтылы есептен шығару бойынша тиісті іс-қимылдарды жүргізбейді.

<u>Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппаратына мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:</u>

1) Әкім аппаратының 22 ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірленсін;

2) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының *(9-баптың 2-тармағы)* талаптарына сәйкес, Әкім аппаратының ұзақ мерзімді перспективаға арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қолданылсын;

3) 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» *(38-баптың 1-тармағы)* және 2015 жылғы 12 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларын есепке ала отырып, Әкім аппаратының ережесі Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №1672 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтірілсін;

4) Әкімдіктің регламенті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі N 546 қаулысымен бекітілген облыс *(республикалық маңызы бар қала, астана)* және аудан *(облыстық маңызы бар қала)* әкімдіктерінің үлгі регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келтірілсін;

5) Әкім аппаратының құрылымдық бөлімшесі туралы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №1125 қаулысымен бекітілген мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі ережеге сәйкес келтірілсін.

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы бюджет қаражатын жоспарлау, пайдалану және мемлекеттік кәсіпорындардың активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу[ii]

Аудит 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде 19 865 020,0 мың теңге бюджет қаражатының көлеміиен 11 объектіні қамтыды.

Аудит нәтижелері бойынша 1 512 376,7 мың теңге қаржылық бұзушылық, соның ішінде 3 108,5 мың теңге өтелуі тиіс *(аудит барысында 2 766,8 мың теңге өтелді)* және 1 509 268,2 мың теңге қалпына келтірілуі тиіс *(аудит барысында 328 759,2 мың теңге қалпына келтірілді)*, 17 436,3 мың теңге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, 1 736 974,6 мың теңге бюджет қаражатын және квазимемлекеттік сектор активтерін тиімсіз пайдалану, сондай-ақ 317 рәсімдік бұзушылық және 53 кемшілік анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджет қаражатын жоспарлау, пайдалану және активтерін басқару тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит, жалпы алғанда, осы қызметті Басқарма және оның ведомстволық бағынысты ұйымдары «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында, Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасында және тиісті бюджеттік бағдарламаларда белгіленген мақсаттарға сәйкес жүзеге асыратынын көрсетті.

Нұр-Сұлтан қаласын дамыту бағдарламасының «Денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және салауатты, спорттық өмір салтын насихаттау» мақсатының жекелеген индикаторларына қол жеткізілмеген.

Басқарма ведомстволық бағынысты ұйымдарды қаржыландыратын бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және іске асыруды бұзушылықтармен жүзеге асырған.

Тексерілген кезеңде Бақылау кеңестерінің өкілеттіктерін кеңейту және 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында көзделген алқалы атқарушы органдарды *(басқарма)* енгізу арқылы денсаулық сақтау жүйесінде заманауи менеджментті дамыту тиісті деңгейде жүзеге асырылмаған, бұл ретте «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңды бірқатар бұзушылықтарға жол берілген.

Халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын көмекті талдау төсек қорының тапшылығы бар екенін көрсетті, соның нәтижесінде емдеуге жатқызу «қосалқы» деп атауға болатын қосымша төсектер *(палаталарда)* арқылы жүзеге асырылған.

Нұр-Сұлтан қаласы медициналық ұйымдарының кадрлық құрамын талдау дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер (ОМҚ) саны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетінін және Қазақстан Республикасы бойынша ең жоғары болып табылатынын көрсетті.

Медициналық ұйымдардың жарақтандырылуын талдау барысында қазіргі уақытта медициналық техникамен жарақтандыру нормаларын регламенттейтін нормативтік-құқықтық акт жоқ екендігі атап өтілді, бұл жеткіліксіз болып табылады, өйткені Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық жабдықтармен жарақтандырылуына өзекті бағалау жүргізуге мүмкіндік бермейді және қажетті сатып алуды жоспарлау тиімділігін төмендетеді.

Басқармаға ведомстволық бағынысты ұйымдарда бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жүйелі түрде бұзу проблемасы жалғасын табуда. Сонымен қатар, аудиторлық қорытындыда баяндалған және тиісті шаралар қабылдауды талап ететін басқа да проблемалық мәселелер бар.

Тексерілген кәсіпорындарда Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің тиісті қаулысынсыз жалпы сомасы 9 091 080,6 мың теңгеге жарғылық капиталды ұлғайту *(азайту)* үшін активтерді балансқа *(баланстан)* беру фактілері анықталды.

<u>Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:</u>

1. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін ұйымдардың төсек қорына тапшылықтың өсіп келе жатқанын, БМСК ұйымдарында тар шеңберлі мамандардың тапшылығын, сондай-ақ жеке БМСК ұйымдарының белсенділігінің өсіп келе жатқанын ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласының Денсаулық сақтау ұйымдарының желісін одан әрі дамыту жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу мәселелерін қарастырсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы:

1) аудит белгілеген жүйелі бұзушылықтарды болдырмау жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметкерлерімен тиісті жұмыс

жүргізсін;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әкімшілік шығыстардың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі көрсеткіштері мен лимиттерін әзірлеуді және ведомстволық бағынысты кәсіпорындарға жеткізуді қамтамасыз етсін;

3) бақылау кеңестерінің тиімділігін арттыру мақсатында олардың мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізуді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындауды қамтамасыз етсін;

4) құрылымдық бөлімшелердің ережелеріне және Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына аудит анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша өзгерістер енгізсін;

5) аудит анықтаған кемшіліктерді ескере отырып, Басқармада және ведомстволық бағынысты ұйымдардағы ақпараттық жүйелерді пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;

6) тиісті нормативтік құқықтық актілерді өзгерту жөнінде ұсыныстарды пысықтап, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне жолдасын:

- 2015 жылғы 28 шілдедегі №627 және 2018 жылғы 29 наурыздағы №138 қағидалар арасындағы жергілікті бюджет есебінен өзге де қызметтерді өтеу бөлігіндегі қайшылықтарды жойсын;

- 1 әскерге шақырылушыға қызмет санын есептеу тетігін әзірлесін;

- денсаулық сақтау ұйымдарын жарақтандыру нормативтерін әзірлесін;

- медициналық персоналға арналған жүктеме нормативтерін әзірлесін;

- ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша қолданыстағы заңнаманың кемшіліктерін жойсын *(№89 аудиторлық қорытындының тармағы).*

3. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы Нұр-Сұлтан қаласы Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасымен бірлесіп:

1) аудитке сәйкес тиімсіз пайдаланылатын активтерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін;

2) аудит белгілеген фактілер бойынша жарғылық капиталды толықтыру *(азайту)* заңдылығын қамтамасыз ету үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қажетті қаулыларын әзірлесін және қабылдасын.

<u>Коммуналдық мүлікті, сондай-ақ, «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның активтерін басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу</u>[iii]

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде жалпы сомасы 27 848 315,0 мың теңге қаражат көлемімен 9 объект қамтылды, соның ішінде 1-еуі қарсы тексеру.

Мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша жалпы сомасы

4 669 325,8 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар *(соның ішінде: 4 613 225,0 мың теңге – қалпына келтірілуі; 56 100,8 мың теңге – өтелуі тиіс)*, 1 929 999,7 мың теңге сомаға бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін тиімсіз пайдалану, сондай-ақ аудит объектісінің қызметінде 228 рәсімдік бұзушылық және 111 кемшілік анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

1. Елорданың квазимемлекеттік секторы субъектілерінің қаржылық қызметі теріс көрсеткіштерге байланысты, осылайша, 2016 жылы (-) 21 324 387,0 мың теңге *(пайда 2 804,4 мың теңге)*, 2017 жылы (-) 20 933 509,0 мың теңге *(пайда 2 630,6 мың теңге)*, 2018 жылы (-) 24 160 866,5 мың теңге *(пайда 5 081,2 мың теңге)* шығынға ұшырады, яғни, 2018 жылы шығын сомасы 2016 жылмен салыстырғанда (-) 2 836 479,5 мың теңгеге немесе 11,7%-ға артты.

2. Аудит қамтыған барлық коммуналдық заңды тұлғалардың кірістерінің негізгі көзі жергілікті атқарушы органдарға қызмет көрсету, сондай-ақ жарғылық капиталды толықтыру арқылы берілген қаражат пен активтер болып табылады.

3. Аудит қамтыған барлық коммуналдық заңды тұлғалар, соның ішінде «Astana» ӘКК» АҚ *(«Астана орманы» ЖШС-ні қоспағанда)* қызметін бәсекелестік ортада жүзеге асырады.

4. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан коммуналдық заңды тұлғалардың дивидендтерді аудару жөніндегі шешімдерді қабылдауына, сондай-ақ оларды орындауына тиісті бақылаудың болмағаны байқалады, бұл жергілікті бюджетке қаражаттың түсуіне теріс әсер етеді.

5. Жыл сайын елорданың көптеген коммуналдық заңды тұлғалары даму жоспарлары мен оларды орындау жөніндегі есептерді ұсынбайды, бұл есептердің болмағанын және (немесе) олардың формальды түрде жасалғанын көрсетеді, сондай-ақ, уәкілетті басқару органдары тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігінің салдары болып табылады.

6. Сонымен қатар, аудит қорытындысы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы тарапынан квазимемлекеттік сектор субъектілері мен олардың уәкілетті органдары ұсынатын ақпаратқа тиісті талдаудың болмағаны байқалады, бұл коммуналдық заңды тұлғалар үшін көзделген қаржы-шаруашылық қызмет және өзге де көрсеткіштер туралы объективті және нақты ақпараттың болмауына әкеп соқты.

7. Аудит қорытындысы бойынша елорда әкімдігінде коммуналдық заңды тұлғаларды дамыту жөніндегі нақты, бірыңғай, ұзақ мерзімді жоспарлардың жоқтығы байқалады, мұны Жекешелендіру объектілері тізбесінің бірнеше рет өзгеруі, елорданың жергілікті атқарушы органдарының коммуналдық заңды

тұлғаларды басқару жөніндегі, соның ішінде 22 кәсіпорынды «Astana» ӘКК» АҚ-ның қарамағына беру кезіндегі шешімдерін дайындау сапасының деңгейге сәйкес келмеуі куәландырады.

8. Жекешелендірілуі тиіс көптеген объектілерді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі «Astana» ӘКК» АҚ-ға береді, бұл ретте «Astana» ӘКК» АҚ-ның төленген дивидендтерінің мөлшері Жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес заңды тұлғалардың активтері мен жарғылық капиталындағы үлестерін сатудан түскен кірістермен салыстырғанда өлшеусіз түрде аз.

9. «Astana» ӘКК» АҚ өзінің 2014-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген басымдықтарды, мақсаттарды, міндеттер мен даму көрсеткіштерін тиімді және нәтижелі іске асыруды қамтамасыз етпеген.

10. «Astana» ӘКК» АҚ Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасына сәйкес өзіне жүктелген міндеттерді іске асырмаған.

11. «Astana» ӘКК» АҚ-ның даму стратегиясының күші жойылғаннан кейін 2018 жылғы желтоқсаннан бастап осы уақытқа дейін ұзақ мерзімді перспективаларды, негізгі басымдықтарды, мақсаттарды, міндеттерді және оның даму көрсеткіштерін айқындайтын стратегиялық құжаттың жоқ екендігі елеулі кемшілік ретінде атап өтіліп отыр.

12. «Astana» ӘКК» АҚ Жарғыға сәйкес қызмет түрлерін толық көлемде іске асырмайды, жекелеген қызмет түрлерін еншілес ұйымдар жүзеге асырады, «Astana» ӘКК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының функцияларын қосарлану фактілері бар. Сондай-ақ, жарғылық емес қызметті жүзеге асыру, қымбат бейінді емес активтерді сатып алу фактілері анықталды.

13. «Astana» ӘКК» АҚ-ның инвестициялық жобаларды іске асыру нәтижелілігінің деңгейі төмен екендігі байқалады *(әлеуетті инвесторлардан түскен 225 өтінімнің 100%-ы мақұлданған, тек 19 жоба немесе 8,4%-ы іске асырылған, 94 немесе 41,8%-ы іске асырылған, 112 немесе 49,8%-ы іске асырылған)*.

14. «Astana» ӘКК» АҚ -ға жүктелген міндеттерді іске асыру жөніндегі тиімді жұмыстың жеткіліксіз болуы салдарынан аудит кезеңінде кірістердің негізгі көзі мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет көрсету, сату және жарғылық капиталдағы қатысу үлестері *(коммуналдық меншіктен берілген)*, сондай-ақ, жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беру болып табылады.

15. «Astana» ӘКК» АҚ-ны корпоративтік басқарудың, соның ішінде «Astana» ӘКК» АҚ-ны корпоративтік басқарудың тиімділігін бағалауды қамтамасыз етпеу, оның Директорлар кеңесі мен Басқармасының қызметін бағалау, ДК комитеттерін құруды және олардың жұмыс істеуін, тәуекелдерді басқару және орнықты даму жүйелерін қамтамасыз етпеу, сондай-ақ, ДК қабылдаған шешімдердің орындалуын тиісінше бақылау бөлігінде елеулі кемшіліктер атап өтілді.

16. Аудит қорытындысы бойынша еншілес және тәуелді ұйымдарды басқарудың кемшіліктері анықталды.

17. Аудит кезеңінде «Astana» ӘКК» АҚ компаниясының тобы «Нұрлы Астана» КҚ-ға жалпы сомасы 1 590 000,0 мың теңге қайтарымсыз қаржылық *(қайырымдылық/демеушілік)* көмек көрсетті, ол аудиттің пікірі бойынша «Astana» ӘКК» АҚ компаниясының тобы үшін экономикалық шығын және соның нәтижесінде жергілікті бюджет үшін тиісті айырылып қалған пайда болып табылады.

18. «Astana» ӘКК» АҚ басқару органының еншілес ұйымдардың дивидендтерді төлеуден босату туралы шешімдері елорда әкімдігі тұлғасындағы Жалғыз акционердің мүдделеріне әсер етеді және нәтижесінде жекелеген жағдайларда «Astana» ӘКК» АҚ еншілес ұйымдарының қалдырылған таза пайда олардың дамуына емес, ағымдағы шығыстарға бағытталатынын ескере отырып, жергілікті бюджеттің тиісті экономикалық шығындарына әкеп соқтырады, бұл ӘКК-ның Директорлар кеңесінің тиісті шешімдеріне қайшы келеді.

19. Көптеген шешімдерді «Astana» ӘКК» АҚ жергілікті атқарушы органдардың, соның ішінде, қаржылық тәуекелдерге, экономикалық шығындарға әкеп соғатын, сондай-ақ оның қызметіне байланысты емес хаттамалық және өзге де тапсырмаларының негізінде *(«Astana» ӘКК» АҚ шоттарына тыйым салуға әкеп соққан «Шар-Құрылыс» ЖШС міндеттемелерін орындау бойынша кепілдік беру және т.б.)* қабылдайды.

20. Аудит қорытындысы бойынша, сондай-ақ, «Astana» ӘКК» АҚ ІАҚ-ның қызметінде елеулі кемшіліктер байқалады.

21. Бос ақша қаражатын екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастыру кезінде «Astana» ӘКК» АҚ «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының (үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұйымдардың қаржылық қызметтерді сатып алуының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі №960 қаулысының нормаларын жүйелі түрде сақтамайды. «Astana» ӘКК» АҚ банк жүйесінің қызметін егжей-тегжейлі бағалаудың төмен деңгейде болуына қарамастан, бос ақша қаражатын банктердегі депозиттерге орналастыру туралы шешім қабылдайды.

22.Аудит қорытындылары бойынша анықталған «Astana» ӘКК» АҚ қызметіндегі елеулі бұзушылықтар мен кемшіліктер оның жалғыз акционері болып табылатын жергілікті атқарушы органдар тарапынан оның қызметіне тиісті бақылаудың болмағанын куәландырады, сондай-ақ, мұны «Astana» ӘКК» АҚ және оның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз етпеу де куәландырады.

23. Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы, «Astana» ӘКК» АҚ, «Astana Venue Managment» ЖШС және «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-ның уәкілетті мемлекеттік органы *(акционер, қатысушы)* болып табылады, осыған байланысты, ведомстволық бағынысты ұйымдардың бейінді қызметі бөлігінде тиісті басқаруды қамтамасыз етпеу тәуекелдері бар

24. «Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы №727 қаулысының ережелеріне сәйкес келмейтін қолданыстағы сенімгерлік басқару шарттары шеңберінде спорт және мәдениет объектілерінің өзін-өзі өтеуіне *(«Алау», «Астана Арена», «Барыс Арена»)* қол жеткізбеуі бойынша жоғары тәуекелдер белгіленді.

25. Осы уақытқа дейін Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы ӘКК-ны дамыту тұжырымдамасында көзделген «Astana» ӘКК» АҚ қызметінің тиімділігін бағалауды айқындайтын құжатты әзірлемеген.

<u>Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:</u>

1. Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне:

1) «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның іске асыратын қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы №1382 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасының талаптарына сәйкес келмейтініне, сондай-ақ, жүктелген мақсаттарға, міндеттер мен көрсеткіштерге қол жеткізбегеніне назар аудару;

2) «Нұрлы Астана» корпоративтік қорының пайдасына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық көрсеткіштерін төмендетуге және тиісінше жергілікті бюджетке түсетін түсімдерге әкеп соғатын қайтарымсыз демеушілік көмек түрінде Нұр-Сұлтан қаласының квазимемлекеттік сектор субъектілерінен ақша қаражатын алудың нарықтық емес тетіктеріне, сондай-ақ мемлекет активтерін жоғалтудың жоғары тәуекелдеріне әкеп соғатын үшінші тұлғалардың *(«Шар-Құрылыс» ЖШС)* міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруге назар аудару;

3) «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ, «Astana Venue Managment» ЖШС және «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС коммуналдық заңды тұлғаларды басқару функцияларын «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-ден олардың жүзеге асыратын қызметіне сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының бейінді басқармаларына берудің орындылығы қарастыру;

4) «Астана қаласында туризмді дамыту жөніндегі 2020 жылға дейінгі жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы №727 қаулысының ережелеріне сәйкес келмейтін, Нұр-Сұлтан қаласының спорт және мәдениет объектілерінің *(«Алау», «Астана Арена», «Барыс*

Арена») өзін-өзі өтеуіне қол жеткізбеуі бойынша жоғары тәуекелдеріне назар аудару ұсынылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-ге, «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ-ге, «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ-ге, «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ға, «Астана-Көгалдандыру құрылысы» ЖШС-ға, «Астана Конвенцшн Бюро» ЖШС-ға, «Астана орманы» ЖШС-ға, «Көкөніс Қоймасы» ЖШС-ға, «SPK Astana Development» ЖШС-ға, «Астана Тазалық» ЖШС-ға және «Astana Venue Management» ЖШС-ға анықталған бұзушылықтарды жою туралы және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы тиісті тапсырмалары бар нұсқамалар жіберілсін.

IV. Тексеру комиссиясының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ақпарат.

4.1 Талдау қызметі

Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық аудиттің рәсімдік стандарттарына сәйкес мынадай есептілік дайындалды және жолданды:

- Нұр-сұлтан қаласы бюджетінің 2019 жылдың 12 айындағы атқарылуын ағымдағы бағалау;

-Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының 2019 жылдың 4 тоқсаны мен 12 айындағы қызметі туралы ақпарат.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының қызметін жетілдіру бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының Үйлестіру кеңесі Кіші комитеттері отырысының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы ақпарат дайындалды және жолданды.

Есепті кезеңде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимыл қағидалары шеңберінде 2019 жылдың 12 айында аудиторлық іс-шаралармен қамтылған мемлекеттік аудит объектілерінің және бюджеттік бағдарламалардың тізілімі қалыптастырылып, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне және Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне жолданды.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу қағидалары шеңберінде мемлекеттік аудит және сапаны бақылау нәтижелері 3 аудиторлық іс-шара бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне жолданды.

Қазіргі уақытта 902. Мәслихаттарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына сәйкес жылдық есепті дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

4.2 Құқықтық қызмет

Есепті кезеңде 3 аудиторлық іс-шара бойынша заңдық сүйемелдеу жүргізілді, тиісінше сараптамалық қызмет шеңберінде олар бойынша алдын ала бағалау берілді.

Заңды сүйемелдеу шеңберінде мемлекеттік аудиторларға заң бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталған кезде заңнаманы қолдану жөнінде кеңестер берілді.

Нәтижесінде материалдарға заңнамалық сараптама жүргізілді және аудиторлық есептерге 21 заңнамалық қорытынды жасалды.

3 аудиторлық іс-шара бойынша қаулылардың, аудиторлық қорытындылардың, нұсқамалардың және жиынтық тізілімдердің жобаларына заңнамалық сараптама жүргізілді.

Мемлекеттік аудиторлар мен бас инспектор-заңгер әкімшілік істер қозғап, олар қысқартылған тәртіпте қаралды, жалпы сомасы 795,3 мың теңгеге 3 әкімшілік айыппұл салынды, соның ішінде 1 әкімшілік іс сотта қаралып, 39,8 мың теңге айыппұл салынды.

V. Қорытынды

5.1 Тұжырымдар

Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің орындалуы 2020 жылдың 1-тоқсанында COVID-19 короновирустық инфекция пандемиясы айналасындағы жағдайдың дамуына және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты күрделі Дүниежүзілік ахуал жағдайында жүзеге асырылды.

Соған қарамастан, бюджетке 113 449,3 млн.теңге сомасында немесе жоспарға 107,7% түсім қамтамасыз етілді. Бұл ретте, бюджет шығындары 94 987,2 млн.теңгені немесе жоспарға 86,4%-ды құрады, 14 891,8 млн. теңге игерілмеген, ал 2019 жылдың ұқсас кезеңінде игеру 98,0%-ды құрады.

2020 жылдың 1-тоқсанында бюджет қаражатының игерілмеуінің негізгі себептері мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезіндегі кідірістер және құжаттарды дұрыс ресімдемеуге байланысты төлемдерді жүзеге асырудың мүмкін еместігі болып табылды.

Сонымен қатар, Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шаралары бюджеттің атқарылуы стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара қарым-қатынасының төмен болуы, қаржы тәртібінің бұзылуы және ведомстволық бағынысты ұйымдарға жергілікті атқарушы органдар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы жағдайында, соның ішінде дивидендтерді аудару бойынша жүзеге асырылатынын көрсетті, бұл жергілікті бюджетке қаражаттың түсуіне теріс әсер етеді.

5.2 Ұсынымдар

2020 жылғы 1-тоқсандағы Нұр-Сұлтан қаласы бюджетінің атқарылуын ағымдағы бағалау қорытындылары бойынша және Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараларының нәтижелерін ескере отырып, бюджеттің атқарылу тиімділігін арттыру үшін:

- жергілікті атқарушы органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының мемлекеттік сатып алуды уақтылы өткізуі үшін қажетті шараларды қолдану және себептерін талдау;
- құжаттардың дұрыс емес және уақтылы жасалмауына жол бермеу мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарындағы қаржылық тәртіпті арттыру;
- жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға бақылауды күшейтуі ұсынылады.

---

[i] - [iii] Мәслихатқа және Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне тұрақты түрде барынша толық ақпарат жолданады